

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
МӘСЛИХАТЫ
ҚҰРЫЛЫС, ЭКОЛОГИЯ, КӨЛІК, САУДА
ЖӘНЕ ТҮРГЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ
ЖӘНІНДЕГІ ТУРАҚТЫ КОМИССИЯ



МАСЛИХАТ
ГОРОДА НҰР-СҰЛТАН
ПОСТОЯННАЯ КОМИССИЯ
ПО ВОПРОСАМ СТРОИТЕЛЬСТВА,
ЭКОЛОГИИ, ТРАНСПОРТА, ТОРГОВЛИ И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА

010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілек ғ., 11 үй
төл.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

№
12.06.2022 № 3 ге

010000, г. Нур-Сұлтан, ул. Бейбітшілек, 11
төл.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Турақты комиссияның
2022 жылғы 12 маусымдағы
қауалысы**

**Жергілікті атқарушы
органның Нұр-Сұлтан
қаласында қаңғыбас иттер
мен мысықтарды аулауды
және жоюды үйымдастыру
бойынша жүргізген жұмысы
туралы**

Елдегі таптаудың номері жазылады
Банк салынған күннен көбінесе

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұргын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі турақты комиссиясы жергілікті атқарушы органды Нұр-Сұлтан қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды үйымдастыру бойынша жүргізіп жатқан жұмысы туралы ақпаратты тыңдалап және талқылап, келесіні атап өтеді.

Қала бойынша иттер мен мысықтарды аулаумен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Астана ветсервис» МҚҚ-ның 4 бригадасы айналысады. 2020 жылы - 7 669 жануар, 2021 жылы 9 009 қаңғыбас жануар ауланды.

Қараусыз қалған иттер мен мысықтарды аулауға өтінімдер 109 iKotek мониторинг қызметі орталығынан және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Астана ветсервис» МҚҚ жскс телефонына келіп түседі. 2020 жылы - 4 658, 2021 жылы 5 870 өтінім түскен.

Ауланған иттер мен мысықтар уақытша ұстай изоляторында (бұдан әрі – Изолятор) ұсталады, онда қараусыз қалған жануар иесінде қайтарылғанға дейін немесе үшінші тұлғага тапсырылғанға дейін 60 тәулік бойы торда болады. Бүгінгі таңда Изолятор аумағында 2691 ит пен 619 мысық ұсталуда, ал обьектінің сыйымдылығы 300 ит пен 100 мысыққа арналған. Изоляторда жануарлар карантиннен және чиптеу рәсімінен өтеді, сондай-ақ ол жерде елорда тұрғындарының үй жануарлары мен қаңғыбас иттер мен мысықтарды құтырмага қарсы ветеринариялық-профилактикалық егулер және дегельминтизациядан өткізу іс-шаралары жүргізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын реттеу мақсатында 2018 жылдан бастап тұрақты түрде үй жануарларын стерилизациялау және ұрықсыздандыру жүргізілуде.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары және жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары өзірлеу сатысында.

Елордадағы үй жануарларын сәйкесстендіру үшін 15 000 чип сатып алу жоспарлануда. Үй жануарларын есепке алу жөніндегі ақпараттық сервиске қолжетімділікті сатып апуды ұйымдастыру үшін жұмыстар жүргізілуде.

Елорда аумағында иттерді серуендетуге арналған 6 алаң мен сквер бар: Жагалау ш.а., III.Айтматов көпесі, 36/1, Пушкин көпесі, 15 мекенжайда бойынша аула ішінде және қоғамдық кеңістік аумағында, III. Құдайбердіұлы даңғылы мен Пушкин көшесі қызылдықтардың ескек каналы жағалауы бойындағы сквер, Кектал тұрғын алабы, Еңлік Кебек көпесі, 12-105, 12-102, 167 ауданда.

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жануарларға арналған мемлекеттік баспааналар мен 9 жеке баспаананың болуына қарамастан, қаңғыбас жануарлар санының көптігіне-байланысты-оларды-орналастыру-проблемасы-әлі де бар, жануарларды тіркеудің бірыңғай жүйесі жоқ.

Үй жануарларын серуендетуге рұқсат етілген орындардың жетіспеушілігі, сондай-ақ үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдардың жабдықталуы өзекті мәселе болып қалуда.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, колік, сауда жөне тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕГП:**

1. Жергілікті атқарушы органдың Нұр-Сұлтан қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру бойынша жүргізіп жатқан жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінс:

қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын қайта қарау;

жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру бойынша қадамдық іс-әрекет алгоритмін жасау;

«Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуі» аумағында қараусыз қалған ауыл шаруашылығы жануарларын анықтау және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;

Ақмола облысының уәкілетті мемлекеттік органдарымен бірлесіп «Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуі» аумағында қараусыз қалған үй жануарлары бойынша жағдайды реттеу жөнінде жоспар әзірлеу;

жануарлардың иелерін тіркеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

қағидаға рұқсат етілмеген жерлерде жануарларды серуендеткені үшін иелерінің жауапкершілігін қатаңдатуға қатысты өзгерістер енгізу;

2019 жылы пайдалануға берілген мысықтар мен иттерге арналған шитомшык құрылышты туралы, мердігөрі және кепілдік мерзімі туралы мәслихатқа ақпарат беру;

орталық уәкілдегі органға жануарларды өсірумен табыс алу үшін айналысадындардың қызметтің лицензиялау, сондай-ақ үй жануарларын ұстауды регламенттеу қажеттігі, мысалы, тұргыш үйдің бір шаршы метріне жануарларды ұсташа жопіндегі нормаларды бекіту туралы ұсыныстар енгізу;

халықаралық тәжірибелі ескере отырып, қараусыз қалғап жануарларды ұсташа үшін жеке инвестицияларды тарту бойынша ұсыныстағыр енгізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

**Нұр Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыш, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

Б. Котырев